



«Жаңартылатын энергия көздерін
қолдау жөніндегі қаржы есеп-айырысу
орталығы» ЖШС

2022

2022 жылдың қорытындысы бойынша
«Жаңартылатын энергия көздерін
қолдау жөніндегі қаржы есеп-айырысу
орталығы» ЖШС

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



2022 жылдың қорытындысы бойынша «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	7
1.1 Бас директордың алғы сөзі	8
1.2 Компания туралы.....	9
2. Қызметтің функционалдық бағыттары	11
2.1 ЖЭК секторына шолу	12
2.1.1 ЖЭК нарығындағы теңгерімсіздік.....	28
2.2 Электр қуаты нарығына шолу.....	32
2.2.1 Генерациялаудың маневрлік режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғылар салуға аукциондық сауда-саттық жүргізу	36
3. Корпоративтік басқару	39
3.1 Кадр саясаты	40
3.1.1 Қызметкерлерді басқару	40
3.1.2 Еңбекақы, әлеуметтік қолдау, ынталандыру	41
3.1.3 Қызметкерлер саны мен құрамы.....	42
3.1.4 Конкурстық іріктеу.....	42
3.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар	43
4. Заң шығару қызметі	47
4.1 ЖЭК саласындағы заңнамалық өзгерістер.....	48
4.2 Электр қуаты нарығындағы заңнамалық өзгерістер.....	49
5. Халықаралық ынтымақтастық	51
5.1 Нарық қатысушыларымен ынтымақтастық және өзара әрекеті.....	52
5.2 ЖЭК саласындағы аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар үшін ЕҚДБ жобалық құжаттамасын әзірлеу	54
5.2.1 LiDAR қондырғысымен жел өлшеудің қолданылуы мен артықшылықтары.....	54
6. 2022 жылғы қаржылық есептілік	57
7. Глоссарий	85



01

Кіріспе

Бас директордың алғы сөзі

Компания туралы



БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

Құрметті әріптестер мен оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға Компанияның 2022 жылғы қызметі бойынша кезекті жылдық есебін ұсынамыз. Өткен жылы Компанияда үлкен өзгерістер болды. Өткен жылдың ең маңызды оқиғасы Компанияның Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің басқаруына өтуі болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстанда ЖЭК секторын дамытуға қолдау көрсететін Еуропалық қайта құру және даму банкінің көмегімен жобалық құжаттамасы бар жел электр станцияларын (ЖЭС) салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтарды және Қазақстанның жұмыс істеп тұрған электр станцияларында маневрлік электр қуаттары бойынша аукциондық сауда-саттықтарды өткізуді атап өтуге болады.

Қазақстандағы USAID халықаралық бағдарламасы өтеусіз негізде Компанияға ел өңірлерінде жел өлшеу жүргізу үшін екі доплер лидары берілді.

Өткен жыл «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС үшін жемісті болды және біз жоспарлы және сенімді түрде көзделген мақсаттарға қарай жылжып келе жатқанымызды көрсетті. 2023 жылы компанияны электр энергетикасы нарығының моделін жетілдіру, атап айтқанда электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны және электр энергиясының нақты уақыттағы теңгерімдеуші нарығын іске қосу бөлігінде үлкен өзгерістер күтіп тұр. Мемлекеттік органдармен, мүдделі тараптармен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, біз барлық серіктестеріміз, әріптестеріміз, стейкхолдерлерге тиімді бірлескен жұмыс үшін үлкен алғысымызды білдіреміз.



Құрметпен,
Гульжан Калижановна Налибаева
«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС
Бас директоры

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС – «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ Жүйелік операторы жанынан ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясын есеп айырысу-қаржы орталығының орталықтандырылған сатып алуына негізделген жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды мемлекеттік қолдау тетігін іске асыру мақсатында құрылған компания.

2021 жылдың 30 желтоқсанында «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 24 қыркүйегіндегі шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қатысу үлесінің 100% мемлекеттік меншікке өтеусіз беру жүргізілді.

2022 жылдың 13 маусымында әділет органдарында қайта тіркеу жүргізілді және «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің басқаруына берілді.



КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

ЖЭК электр энергиясын, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын, тасқынды электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату

электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметті орталықтандырылған сатып алу және электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті орталықтандырылған көрсету.

Осы есептің есеп беру кезеңі 2022 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі күнтізбелік жыл болып табылады.

Компанияның құрамында тәуелді және еншілес ұйымдары, өкілдіктері мен филиалдары жоқ.

Компанияның қызметі туралы толық ақпаратпен Компанияның корпоративтік сайтында келесі мекенжай бойынша танысуға болады: www.rfc.kz.

Осы есепте қамтылған кез келген сұрақтар мен ақпарат бойынша келесі мекенжайда орналасқан «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС кеңсесіне хабарласуға болады: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік даңғ., 59-үй, байланыс телефондары: +7(777) 533 49 78, e-mail: kense@rfc.kz.



02

Қызметтің функционалдық бағыттары

ЖЭК секторына шолу

ЖЭК нарығындағы теңгерімсіздік

Электр қуаты нарығына шолу

Генерациялаудың маневрлік режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғылар салуға аукциондық сауда-саттық жүргізу



2.1 ЖЭК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

Электр энергетикасы - өндірістік кешеннің, қызмет көрсету саласының жұмыс істеу тиімділігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасы тәуелді болатын экономиканың базалық инфрақұрылымдық саласы.

Қазақстан энергетикалық ресурстардың (мұнай, газ, көмір, уран) үлкен қорларына ие. Қазақстанда электр энергиясы негізінен көмірде, газда, гидроресурстарда және аз дәрежеде жаңартылатын энергия көздерінен өндіріледі.

2022 жылы Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру 112 865,9 млн. кВтсағ құрады (2021 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға төмендеді). Ел бойынша электр энергиясын тұтыну 112 944,6 млн. кВтсағ құрады (2021 жылмен салыстырғанда 0,8%-ға төмендеді).

2020-2022 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдарының типтері және Бірыңғай энергия жүйесі аймақтары бөлінісінде электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. 2018-2022 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру және тұтыну көлемі

	Көлемі, млн. кВтсағ		
	2020	2021	2022
Жалпы Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру	108 085,80	114 447,90	112 865,9
жылу электр станциялары	86 662,6	91 164,2	88 623,4
газ турбиналық электр станциялары	9 527,7	10 701,8	10 940,5
су электр станциялары	9 545,8	9 184,9	9 185,1
ЖЭС	1 094,1	1 758,0	2 361,8
КЭС	1 250,7	1 636,5	1 754,7
БГҚ	4,9	2,5	0,4
Оның ішінде аймақтар бойынша:			
- Солтүстік аймақ	83 032,0	87 783,91	83 907,1
- Оңтүстік аймақ	11 565,7	12 174,99	14 441,5
- Батыс аймақ	13 488,1	14 489,0	14 517,3
Жалпы Қазақстан бойынша электр энергиясын тұтыну	107 344,8	113 890,3	112 944,6
Оның ішінде аймақтар бойынша:			
- Солтүстік аймақ	70 522,2	73 853,0	72 624,5
- Оңтүстік аймақ	23 287,4	25 488,3	25 488,2
- Батыс аймақ	13 535,2	13 430,0	14 539,7


2022 жылы Қазақстан Республикасының электр энергиясына негізгі қажеттілік елдегі жалпы генерацияның 78,5% құрайтын жылу электр станциялары есебінен жабылды. Еліміздің су электр станциялары 2022 жылы 8% үлесін иеленді, ал ЖЭК үлесі жалпы электр энергиясын өндірудің шамамен 4,5% құрады.

Төмен көміртекті дамудың халықаралық тенденцияларына сүйене отырып, 2013 жылдың мамырында Қазақстан елдің «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі Тұжырымдаманы қабылдады және ауқымды мақсатты бекітті: 2050 жылға қарай генерацияның 50%-ы баламалы және жаңартылатын энергия көздерін қамтуы тиіс. Осылай, «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасына және


Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесі 2020 жылға қарай 3%, 2025 жылға қарай 6%, 2030 жылға қарай 15% және 2050 жылы 50% (баламалы + ЖЭК) құрауға тиіс.

2014 жылы ЖЭК-ке тіркелген тарифтер енгізілген сәттен бастап соңғы 8 жылда ЖЭК бойынша жобаларды дамытуда айтарлықтай өсім байқалды. Осылай, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда жалпы белгіленген қуаты 2 400 МВт болатын 130 (46 ЖЭС – 958 МВт; 44 КЭС – 1 148 МВт; 37 СЭС – 280 МВт; 3 БиоЭС – 1,77 МВт) ЖЭК объектілері жұмыс істеді.

2-сурет. ҚР-дағы ЖЭК-тің белгіленген қуаты мен жұмыс істеп тұрған объектілерінің өсу динамикасы



1-сурет. 2022 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру құрылымы





2018-2022 жылдар аралығында 2 395 МВт жиынтық көлеміне ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша 53 аукцион өткізілді. Олардың нәтижелері бойынша жалпы қуаты 1 745,72 МВт болатын 83 ЖЭК жобасы немесе ұсынылған қуаттың шамамен 72% іріктелді.

2018 жылдан 2022 жылға дейін аукциондарда қойылған ЖЭК технологиялары бойынша жобалардың ең көп саны ЖЭК үлесіне тиесілі болды:



2-кесте. 2018-2022 жылдардағы ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондардың динамикасы

ЖЭК технологиясы/жыл	2018	2019	2020	2021	2022
Аукциондар көлемі (МВт)					
ЖЭС	620	100	65	50	400
КЭС	290	80	55	20	60
СЭС	75	65	120	120	220
БиоЭС	15	10	10	10	10
Барлығы:	1 000	255	250	200	690
Аукциондар барысында іріктелді (МВт)/саны					
ЖЭС	500,85/16	108,99/5	64,95/3	50/1	400/8
КЭС	270/12	86,5/3	60/4	20/1	40/2
СЭС	82,08/7	7/2	23/9	11,8/4	0/0
БиоЭС	5/1	10,4/3	0/0	5,15/2	0/0
Барлығы:	857,93/36	212,89/13	147,95/16	86,95/8	440/10

Дереккөз: USAID

3-кестеде ЖЭК технологиялары бойынша жыл сайынғы бастапқы және ең төменгі аукциондық бағалардың динамикасы көрсетілген. 2022 жылғы аукциондардың қорытындысы бойынша ЖЭС жобалары бойынша аукциондық бағаның максималды төмендеуі 42,5% құрады.

3-кесте. 2018-2022 жылдардағы ЖЭК аукциондық бағасының динамикасы

ЖЭК технологиясы/жыл	2018	2019	2020	2021	2022
Бастапқы аукциондық баға (тг / кВтсағ)					
ЖЭС	22,68	22,66	21,69	21,53	21,53
КЭС	34,61	29,00	16,97	16,96	16,96
СЭС	16,71	15,48	15,48	15,20	15,20
БиоЭС	32,23	32,15	32,15	32,15	32,15
Ең төменгі аукциондық баға (тг / кВтсағ)					
ЖЭС	17,39	19,27	15,90	14,08	12,39
КЭС	18,00	12,49	14,58	12,87	16,95
СЭС	12,80	15,43	13,48	15,00	-
БиоЭС	32,15	32,13	-	32,14	-

Источник: USAID

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес 2022 жылға электр станцияларының келесі түрлері бойынша бөле отырып, белгіленген қуаттылығы 690 МВт-қа жалпы көлемде аукциондар өткізу туралы жарияланды:



Барлығы 13 аукцион жоспарланып, 9 аукцион өткізілді (2 – шағын КЭС бойынша, 7 – ЖЭС ірі жобалары бойынша). Аукциондар штаттық режимде өткізілді, бұл ретте 4 аукцион қатысушылардың жеткіліксіз санына байланысты (шағын КЭС, шағын және ірі КЭС және БиоЭС) өткізілмеді деп танылды.


4-кесте. 2022 жылы ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондардың нәтижелері

ЖЭК технологиясы	Аукциондар көлемі (МВт)	Қатысушылардың ұсынысы (МВт)	Аукциондар барысында іріктелді (МВт)	Іріктелген жобалар саны	Бастапқы аукциондық баға (тг / кВтсағ)	Ең төменгі аукциондық баға (тг / кВтсағ)
ЖЭС	400	2 475	400	8	21,53	12,39
КЭС	60	60	40	2	16,96	16,95
СЭС	220	-	-	0	15,2	-
БиоЭС	10	-	-	0	32,15	-
Барлығы:	690	2 809	440	10	-	-

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы бойынша ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі 5,11 млрд. кВтсағ құрады. 2021 жылмен салыстырғанда ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруінің ұлғаюы 21,7% құрады. ЖЭК объектілерінің саны бойынша технологиялар бөлінісінде ЖЭС және КЭС басым.



3-сурет. ЖЭК ірі станцияларының орналасу картасы



5-кесте. ҚР бойынша ЖЭК станцияларының электр энергиясын өндіру жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған ақпарат (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректері бойынша)

Көрсеткіштер	Өлшем бірліктері	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Белгіленген қуат	МВт	531	1 050	1 635	2 010	2 400
<i>оның ішінде:</i>						
жел электр станциялары	МВт	122	284	486	684	958*
шағын КЭС	МВт	200	222	229	280	280
күн электр станциялары	МВт	209	542	912	1 038	1 148
биоэлектр станциялары	МВт	0,3	2	8	8	2
Электр энергиясын өндіру	млн. кВтсағ	1 353	2 401	3 245	4 221	5 110
<i>оның ішінде:</i>						
жел электр станциялары	млн. кВтсағ	402	717	1 077	1 776	2 411
шағын КЭС	млн. кВтсағ	807	1 105	812	800	934
күн электр станциялары	млн. кВтсағ	142	563	1 350	1 641	1 763
биоэлектр станциялары	млн. кВтсағ	1	15	7	3	2

*2022 жылдың желтоқсанында енгізілген, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2023 жылы ескерген 3 жаңа ЖЭС енгізілмеген: «Borey Energo 1» ЖШС - 50 МВт, «Borey Energo 2» ЖШС - 50 МВт, «Energo Trust ЖШС - 50 МВт

ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекіткен үлгілік нысандар бойынша ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен және шартты тұтынушылармен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда ЖЭК Қазақстанда электр энергиясын өндіруде қарқынды дамып келе жатқан сектор болып табылады, ЖЭК объектілерінен электр энергиясын өндіру Қазақстан Республикасында ЖЭК дамыту бағдарламаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенінің арқасында жыл сайын ұлғаюда.

Қазақстанның нақты мақсаттары мен түсінікті құқықтық өрісі бар ел ретінде тартымдылығы инвесторларға алғашқы ірі күн, жел және су электр станцияларын салу үшін қажетті капиталдарды тартуға мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда ең ірі станциялар:

- КЭС Бурное -100 МВт, КЭС Eneverse Kunkuat -100МВт, КЭС Baikonur -50 МВт, КЭС М-КАТGreen-100 МВт, КЭС Сарань -100 МВт, КЭС Агадырь-50 МВт, КЭС Нура - 100 МВт, КЭС Каскелен - 50 МВт, КЭС Шоқтас - 50 МВт, КЭС Кентау - 50 МВт;
- ЖЭС Бірінші жел электр станциясы - 45 МВт, ЖЭС ЦАТЭК GreenEnergy - 100 МВт, ЖЭС ВетроЭнергоТехнологии -52,8 МВт, ЖЭС Форт Шевченко - 43,6 МВт, ЖЭС Бадамша 1 - 48 МВт, ЖЭС Бадамша 2 - 48 МВт, ЖЭС Жанатас - 100 МВт, ЖЭС Ыбырай - 50 МВт, ЖЭС Абай 1 - 100МВт, ЖЭС Абай-2 - 50МВт;
- СЭС Коринская -28,50 МВт, СЭС Лепсы-2 - 16,99 МВт, Чижинская СЭС - 25,8 МВт, СЭС Тұрғысын-1 - 24,9 МВт.

ҚР Энергетика министрлігі қалыптастыратын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне сәйкес ЖЭК секторын дамытудың белгіленген көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін 31.12.2022 жылғы жағдай бойынша «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС жалпы белгіленген қуаты 2 859,4 МВт (ЖЭС - 1 441 МВт; КЭС - 1 195 МВт; СЭС - 202 МВт; БиоЭС - 21,4 МВт) 137 шарт жасалды, оның ішінде:

- Белгіленген қуаты 1 666,25 МВт белгіленген тарифтер бойынша 79 шарт;
- Белгіленген қуаты 1 193 МВт аукциондық бағалар бойынша 58 шарт

2022 жылдың қорытындысы бойынша «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС арқылы электр энергиясын өткізетін қолданыстағы ЖЭК станцияларының саны жалпы белгіленген қуаты 2 308,7 МВт 99 бірлікті құрады (ЖЭС - 1 099,7 МВт; КЭС - 1 085,2 МВт; СЭС - 122,8 МВт; БиоЭС - 1 МВт).

4 561,6 млн. кВтсағ электр энергиясы өндірілді және өткізілді, оның ішінде: ЖЭС - 2 299,3 млн. кВтсағ; КЭС - 1 685,8 млн. кВтсағ; СЭС - 576,1 млн. кВтсағ; БиоЭС - 0,4 млн. кВтсағ. 2022 жылы ЖЭК электр энергиясын сатып алу шығындары 141 777 969 688 теңгені құрады. Бұл ретте, ҚЕАО электр энергиясын жүзеге асыратын ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың саны 2014 жылғы 6-дан 2022 жылы 99-ға дейін ұлғайды.



6-кесте. 2018-2022 жылдар кезеңінде ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі және ЖЭК-ті қолдауға арналған шығындар туралы ақпарат

ЖЭК түрі	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021	2022
ЖЭК электр энергиясының көлемі						
ЖЭС	млн.кВтсағ	398	699	1 080	1 723,1	2 299,3
КЭС	млн.кВтсағ	138	409	1 231	1 609,5	1 685,8
СЭС	млн.кВтсағ	242	238	227	520	576,1
БиоЭС	млн.кВтсағ	1	3	5	3	0,4
Барлығы	млн.кВтсағ	779	1 348	2 543	3 855	4 561,6
ЖЭК электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар						
ЖЭС	млн.теңге	11 029	21 162	35 260,2	57 611,7	71 127
КЭС	млн.теңге	5 627	15 343	45 056,0	57 370,1	62 454
СЭС	млн.теңге	4 195	4 331	4 271,8	6 343,6	8 182
БиоЭС	млн.теңге	42	96	165	119	15
Барлығы	млн.теңге	20 894	40 932	84 753	121 444	141 778
ЖЭК электр энергиясын сатып алудың орташа тарифі						
ЖЭС	теңге/кВтсағ	27,72	30,27	32,65	33,43	30,93
КЭС	теңге/кВтсағ	40,86	37,54	36,59	35,64	37,05
СЭС	теңге/кВтсағ	17,31	18,24	18,79	12,21	14,2
БиоЭС	теңге/кВтсағ	32,23	32,23	33,93	47,48	37,5

6.1-кесте. 2022 жылы ЖЭС пайдаланатын ЖЭК объектілерінің электр энергиясын сатып алу көлемі мен шығындары туралы ақпарат

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
1	«Vista International» ЖШС	36,84	75	2 758
2	«Зенченко и К» СС	36,84	3	98
3	«Первая ветровая ЭС» ЖШС	36,84	135	4 987
4	«Зенченко и К» СС	36,84	1	49
5	«Ветроинвест» ЖШС	36,84	106	3 894
6	«Анна» ЖШС	31,6	4	118
7	«ВЭС Нурлы» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 29,02, одан кейін - 31,6	6	195
8	«ВЭС Сарыбулак» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 27,1, одан кейін - 29,51	8	224
9	«ВЭС Сарыбулак 2» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 27,1, одан кейін - 29,51	6	174
10	«ВЭС Кербулак» ЖШС	27,82	5	150

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
11	«ВЭС Кербулак 2» ЖШС	27,82	3	93
12	«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС	69,55	292	20 309
13	«Иван Зенченко» ЖШС	26,24	2	41
14	«АрмВинд» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 24,26, одан кейін - 26,41	172	4 327
15	«Golden Energy corp.» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 24,26, одан кейін - 26,41	11	267
16	«Golden Energy corp.» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 24,26, одан кейін - 26,41	63	1 593
17	«Wind Electricity» ЖШС	24,69	15	374
18	«Wind Power city» ЖШС	24,69	15	378
19	«ВИЧИ» ЖШС	19,61	22	427
20	«ВЭС Нурлы» ЖШС - 2	24,69	8	189
21	«Жанатасская ВЭС» ЖШС	24,69	381	9 402
22	«ЖЕЛ ЭЛЕКТРИК» ЖШС	17,49	190	3 316
23	«Производственная фирма ЭлектроСетьСтрой» ЖШС	22,68	9	199
24	«АрмВинд» ЖШС	19,27	158	3 054
25	«Чарск Ветер» ЖШС	22,68	6	128
26	«Ventum Energy» ЖШС	18,99	8	143
27	«DES Consulting» ЖШС	22,68	5	114
28	«Винд Чарск» ЖШС	22,68	6	143
29	«ВЭС Чарск» ЖШС	22,68	4	97
30	«EastWindEnergy» ЖШС	19,99	7	144
31	«Энергия Семиречья» ЖШС	22,68	86	1 960
32	«ВЭС 100МВт «Абай-1» ЖШС	17,39	103	1 795
33	«Жеруыйк Энерго» ЖШС	22,68	49	1 109
34	«ВЭС 50 МВт Абай 2» ЖШС	20,9	24	493
35	«Новотэкс» ЖШС	22,68	2	45
36	«ВЭС Шенгельды» ЖШС	22,68	2	46
37	«ВЭС Шенгельды 2» ЖШС	22,68	2	53
38	«Borey Energo 1» ЖШС	19,98	2	32
39	«Borey Energo 2» ЖШС	20,5	2	33
40	«Energo Trust» ЖШС	19,5	1	29



Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
41	«ВетроЭнергоТехнологии» ЖШС	27,82	190	5 285
42	«Совместное предприятие «КТ Редкометальная Компания» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 25,55, одан кейін - 27,82	74	1 972
43	«БЕСТ-Групп НС» ЖШС	26,41	9	245
44	«ВЭС Сервис» ЖШС	23,63	15	356
45	«ВЭС Жангиз» ЖШС	23,41	12	290
Барлығы			2 299,3	71 127

6.2-кесте. 2022 жылы СЭС пайдаланатын ЖЭК объектілерінің электр энергиясын сатып алу көлемі мен шығындары туралы ақпарат

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
1	«Кайнар-АКБ» ЖШС	15,05	8	126
2	«Энергия Әлемі» ЖШС	27,14	3	85
3	«Казводхоз» РМК Қарағанды филиалы	27,14	4	101
4	«Baskan Power» ЖШС	27,14	16	446
5	«ГЭС Лепсы-2» ЖШС	23,27	59	1 375
6	«Аксу-Энерго» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 21,37, одан кейін - 23,27	12	273
7	«EC ENERGY Qazaqstan» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 21,37, одан кейін - 23,27	5	118
8	«Коринская ГЭС» ЖШС	21,72	83	1 806
9	«DEF ГЭС» ЖШС	21,72	0	4
10	«Salem Consulting» ЖШС	21,72	4	93
11	«Аксу-Қуат» ЖШС	19,46	11	205
12	«ГидроПауэр» ЖШС	19,46	13	249
13	«КазЭлектроЭнергия» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 17,87, одан кейін - 19,46	19	351
14	«Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 16,71, одан кейін - 18,19	95	1 652

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
15	«Тургусун-1» ЖШС	16,71	45	744
16	«Ынтымак» АТК» ТК	15,02	0	1
17	«АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС	2,85	180	514
18	«АЭС Өскемен СЭС» ЖШС	2,14	18	39
19	«Казцинк» ЖШС (Бұқтырма СЭК)	1,46	-	-
Барлығы			576,1	8 182

6.3-кесте. 2022 жылы КЭС пайдаланатын ЖЭК объектілерінің электр энергиясын сатып алу көлемі мен шығындары туралы ақпарат

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
1	«SamrukGreenEnergy» ЖШС	58,7	3	178
2	«Аксу-Энерго» ЖШС	56,22	1	78
3	«КазЭкоВатт» ЖШС	20,89	1	14
4	«СКЗ-У» ЖШС	74,65	1	42
5	«Бурное Солар-1» ЖШС	56,22	79	4 424
6	«Аксу-Энерго» ЖШС	56,22	1	83
7	«Бурное Солар-2» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 41,36, одан кейін - 45,04	75	3 260
8	«КПМ Дельта» ЖШС	42,46	60	2 548
9	«SES Saran» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 38,99, одан кейін - 42,46	125	5 058
10	«Байкен-У» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 71,48, одан кейін - 72,25	0	23
11	«Казсолар-50» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 38,99, одан кейін - 42,46	68	2 752
12	«ЖАНГИЗ СОЛАР» ЖШС	40,32	44	1 764
13	«ENEVERSE KUNKUAT» ЖШС	40,32	154	6 227



Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
14	«EcoProTech-Astana» (ЭкоПроТек-Астана) ЖШС	71,75	32	2 318
15	«SamrukGreenEnergy» ЖШС	71,51	1	43
16	«Baikonyr solar» ЖШС	40,32	81	3 274
17	«M-KAT Green» ЖШС	40,32	170	6 847
18	«Номад Солар» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 37,03, одан кейін - 40,32	50	1 935
19	«Kaz Green Tec Solar» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 37,03, одан кейін - 40,32	21	808
20	«Компания KaDi» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 37,03, одан кейін - 40,32	8	305
21	«ЮКСЭС 50» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 37,03, одан кейін - 40,32	84	3 269
22	«KB Enterprises» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 37,03, одан кейін - 40,32	157	6 026
23	«Казсолар-50» ЖШС Агадырь 2	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 18,16, одан кейін - 18,66	40	733
24	«MISTRAL ENERGY» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 27,6, одан кейін - 30,05	76	2 193
25	«Техно Базальт» ЖШС	31,57	6	175
26	«КапшагайСоларПарк» ЖШС	37,69	9	338
27	«Hewel Kazakhstan» ЖШС	19,31	32	613
28	«Hewel Kazakhstan» ЖШС	23,12	84	1 950
29	«ХЕК-КТ» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 29,0, одан кейін - 29,8	19	555
30	«KZT Solar (КЗТ Солар)» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 18,6, одан кейін - 19,11	88	1 658
31	«KZT Solar (КЗТ Солар)» ЖШС	Тарифті индекстеуді қолдану: 1 шілдеге дейін - 19,58, одан кейін - 21,32	19	381

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
32	«Каз Грин Тек Солар 1» ЖШС	28	9	265
33	«АЕС Asa (АЕК Аса)» ЖШС	22,9	73	1 672
34	«АлматыЭнергоПроджект» ЖШС	34,61	6	224
35	«Инженерная Арена» ЖШС	34,61	5	177
36	«Cascade NRG» ЖШС	18	1	13
37	«Group Independent» ЖШС	72,25	3	233
Барлығы			1 685,8	62 454

6.4-кесте. 2022 жылы БиоЭС пайдаланатын ЖЭК объектілерінің электр энергиясын сатып алу көлемі мен шығындары туралы ақпарат

Реттік №	Ұйымның атауы (ЖЭК объектісі)	1 кВтсағ үшін баға	Электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі, млн. кВтсағ	Электр энергиясын сатып алуға арналған шығындар, ҚҚС-сыз млн. теңге
1	«Агрофирма Курма» ЖШС	39,53	0,4	15

Бірнеше жыл бойы ЖЭК электр энергиясы көлемінің жыл сайынғы өсуі байқалады. 2021 жылмен салыстырғанда ЖЭК электр энергиясы көлемінің өсуі 2022 жылы 18%-дан асты. Бұл ретте, 2022 жылы ЖЭК электр энергиясын сатуға арналған шығындардың өсу қарқыны 2021 жылмен салыстырғанда 31%-ға ұлғайды. Бұл көрсеткіштердің өсуі жаңа ЖЭК объектілерін пайдалануға берумен, сондай-ақ инфляция шамасына белгіленген тарифтер мен аукциондық бағаларды жыл сайынғы индекстеумен және АҚШ доллары бағамының өзгеруімен байланысты.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің ережелеріне сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің бағаларын мемлекеттік реттеуге жатқызылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 27 наурызындағы № 271 қаулысымен бекітілген тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына сәйкес тіркелген тарифтер мен аукциондық бағалар деңгейлерін жыл сайын индекстеу тәртібі белгіленген. Белгіленген тарифтер мен аукциондық бағаларды жылдар бойынша индекстеу үшін қолданылатын тұтынушылық бағалары индексінің шамасы келесідей:



7-кесте. 2018-2022 жылдарға арналған тұтынушылық бағаларының индексі


Кезең	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
ТБИ деңгейі	106,1%	105,3%	107,0%	108,9%	117,7%

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 27 наурызындағы № 271 қаулысымен бекітілген тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларының 11 және 11.1-тармақтарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның деректері бойынша айқындалатын индекстеу жүргізілген жылдың 1 қазанының алдындағы он екі айда жинақталған тұтынушылық бағаларының индексі қолданылатынын атап өту қажет.

ЖЭК объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында бөлу

ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы заңнамаға сәйкес, қолдау шығындары шартты тұтынушылар арасында (дәстүрлі энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын импорттаушылар) тұтыну аймағына сәйкес электр энергиясы желісіне жіберу көлеміне барабар бөлінеді.


4-сурет. ЖЭК объектілері өндірген электр энергиясын бөлу схемасы



2022 жылдың қорытындысы бойынша шартты тұтынушылардың жалпы саны 67-ні құрады, оның ішінде 1-аймақ бойынша - 50, 2-аймақ бойынша - 17.

2022 жылғы шартты тұтынушыларға ЖЭК электр энергиясын бөлу көлемі 4 561,6 млн. кВтсағ құрады. Оның ішінде, компаниялардың ірі генерациялаушы топтарының үлесі келесідей: «Самұрық-Энерго» АҚ - 36%, ERG - 19%, «ОАЭК» АҚ - 5%, «KazakhmysHolding» ЖШС - 4%, «ҚКЖ» ЖШС - 6%, «KazzincHoldings» ЖШС - 3%, және басқалары - 27%.

5-сурет. ЖЭК бөлу көлемінен компаниялардың ірі генерациялаушы топтарының үлесі



8-кесте. 2020-2022 жылдардағы ЖЭК электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында 1-аймақ бойынша бөлу туралы ақпарат

№	Энергия өндіруші ұйымдар	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
		ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге
1	«Булат Нуржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	479	17 138	865	31 555	1 108	36 501
2	«Евроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ	370	13 173	591	21 362	699	22 933
3	«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	125	4 464	255	8 944	272	9 384
4	«Алматы электр станциясы» АҚ	120	4 281	171	6 192	222	7 360
5	«Караганда Энергоцентр» ЖШС	99	3 530	155	5 651	182	5 948
6	«Казцинк» АҚ (Бұқтарма СЭК)	83	2 950	123	4 392	136	4 425
7	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	83	2 950	119	4 323	148	4 857
8	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ (ППТЭЦ-2)	78	2 772	93	3 310	62	2 222
9	«Астана-Энергия» АҚ	70	2 494	128	4 649	163	5 460
10	«Kazakhmysenergy» ЖШС	61	2 162	80	2 853	87	2 793
11	«AES Өскемен СЭС» ЖШС	49	1 748	73	2 625	83	2 707
12	«AES Шүлбі СЭС»	50	1 773	63	2 247	72	2 251
13	«АрселорМиттал Теміртау» АҚ	66	2 355	98	3 461	95	3 106
14	«Алюминий Казахстана» АҚ (ТЭЦ-1)	48	1 697	65	2 351	77	2 541
15	«AES Өскемен ТЭЦ» ЖШС	50	1 793	72	2 612	85	2 780
16	«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ	44	1 558	72	2 781	164	5 572



№	Энергия өндіруші ұйымдар	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
		ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге
17	«Мойнақ СЭС» АҚ	27	958	34	1 199	54	1 608
18	«Казхром» АФЗ ТҮК ЭС	24	848	42	1 494	51	1 679
19	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	21	737	28	1 015	26	910
20	«Кристалл Менеджмент» ЖШС	19	678	26	938	35	1 168
21	«Степногорск ЖЭО» ЖШС	18	628	26	912	24	767
22	«Жанажол ГТЭС» ЖШС (ЖГТЭС-56)	24	871	27	984	33	1 070
23	«Соколов-Сарыбай кенбайыту өндірістік бірлестігі» АҚ (Рудненск ЖЭО)	22	774	28	1 001	32	1 051
24	«Bassel Group LLS» ЖШС (Кар.ГРЭС-1)	12	441	18	670	23	730
25	«3- Энергоорталық» АҚ (Шымк. ЖЭО-3)	17	596	29	1 057	36	1 261
26	«Шардара СЭС» АҚ	14	490	19	629	28	854
27	«ПетроКазахстан КумкольРесорсиз» АҚ	11	403	15	549	16	533
28	«Ақтөбе рельс – арқалық зауыты» ЖШС	8	268	11	392	12	364
29	«УПНК-ПВ» ЖШС	1	24	1	40	1	43
30	«АЭС Согра ЖЭО» ЖШС	9	317	0	9	18	612
31	«Риддер ЖЭО» АҚ	3	105	0	4	3	93
32	«ГРЭС Топар» ЖШС	100	3 538	137	4 826	111	3 616
33	«Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС	0	6	0	5	0	15
34	«Қостанай ЖЭО» МКК	0	8	0	15	1	22
35	«Арқалық ЖЭО» МКК	-	1	0	1	-	-
36	«СНПС - Ақтөбемұнайгаз» АҚ	15	527	21	767	28	898
37	«Казтуркмунай» ЖШС ГПЭС Оңт. Қаратөбе	1	20	1	29	2	55
38	«Фирма Ада Ойл» ЖШС ГПЭС Башенколь	0	7	0	14	2	78
39	«Восход-Oriel» ЖШС (Восход МКК)	0	16	1	25	1	29
40	«Текелі энергокешен» ЖШС (ЖЭО-2)	5	177	7	240	7	230
41	«Таразэнергоцентр» АҚ (Жам.ЖЭО-4)	2	76	3	126	5	163

№	Энергия өндіруші ұйымдар	2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл	
		ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге
42	«Кентау сервис» МКК (Кент.ТЭЦ-5)	-	1	0	2	0	1
43	«СКЗ-У» ЖШС	3	95	4	149	6	187
44	«Кызылорда-теплоэлектроцентр» АҚ	6	194	13	459	16	558
45	«Теплокоммунэнерго» ЖШМ	0	5	13	473	-	-
46	«KEGOC» АҚ	-	1	13	558	3	149
47	«Region Energo» ЖШС					1	21
48	«РИТАЛ ЭНЕРГО» ЖШС					3	93
49	«АБ Энерго» ЖШС					1	30
50	«Интер РАО-Казахстан» ЖШС					24	788
Барлығы		2 236	79 645	3 540	127 890	4 258	140 516

9-кесте. 2020-2022 жылдардағы ЖЭК электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында 2-аймақ бойынша бөлу туралы ақпарат

№	Энергия өндіруші ұйымдар	2020		2021		2022	
		ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге
1	«МАЭК-Казатомпром» ЖШС	100	2 452	89	2 673	86	2 581
2	«Атырау теплоэлектроцентр» АҚ	50	1 213	42	1 233	43	1 287
3	«ТенгизШевройл» ЖШС (ТГТЭС-1,2,3)	47	1 157	44	1 284	46	1 371
4	ЭС «Кашаган» NCOC N.V.	29	716	27	788	22	677
5	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Казахстан филиалы» ЖТАҚ	21	501	21	630	15	655
6	«БатысПауэр» ЖШС (ГТЭС-200)	12	286	19	561	9	465
7	«Манғыстаумұнайгаз» АҚ	1	14	4	114	9	257
8	ГПЭС «КазАзот» АҚ	7	163	6	176	5	159
10	«Орал газотурбин электростанциясы» ЖШС	8	196	8	235	7	269
11	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (ЖЭО)	5	110	4	113	3	103



№	Энергия өндіруші ұйымдар	2020		2021		2022	
		ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге	ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемі, млн. кВтсағ	Шығындар, млн. теңге
12	«Жайықмұнай» ЖШС	2	51	2	64	2	65
13	ГПЭС «SagatEnergy» ЖШС	1	28	1	25	1	16
14	«Karabatanutilitiesolutions» ЖШС	21	503	42	1 412	49	1 477
15	ОралМұнайПром					2	60
16	«KEGOC» АҚ (шығындар)	0	0	0	10	0,4	14
17	«Интер РАО-Казахстан» ЖШС					0,2	6
Барлығы		308	7 535	314	9 360	303,6	9 633
Барлығы 1 және 2 аймақ бойынша		2 544	87 179	3 855	137 250	4 561,6	150 149

Білікті шартты тұтынушылар механизмін қолдану

2017 жылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) білікті шартты тұтынушылар (БШТ) механизмін қолдану бойынша түзетулер қабылданды.

ЖЭК саласындағы заңнаманың осы нормалары мен ережелері ЖЭК-ке кіретін БШТ 15-20 жыл ішінде инвесторлармен жасалған электр энергиясын кепілді сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелер шеңберінде қалыптастырылатын ЖЭК-ті дамытуды қолдауға арналған өсіп келе жатқан шығыстарды төлеуден босатады.



ЖЭК саласындағы заңнаманың ережелеріне сәйкес БШТ құрамына кіретін ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға көрсетілетін барлық мемлекеттік қолдау шаралары, атап айтқанда электр энергиясын беруге арналған энергия беруші ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеуден босату, инвестициялық, салықтық және кедендік преференциялар қолданылады.

2020 жылы «Kazakhmys Holding» ЖШС Кеңгір ауылдық округінде қуаттылығы 10 МВт күнэлектр станциясын сәтті іске қосып, БШТ механизмнің жұмысын бастады. 2020 жылдың сәуір айынан бастап Кеңгір КЭС электр энергиясын өндіреді, бұл «Kazakhmys Holding» ЖШС холдингінің ЖЭК-ке шығындарына оң әсер етеді, бұл ретте ЖЭК-ті қолдауға қатысуды жалғастырады. 2022 жылдың екінші тоқсанында белгіленген қуаты 100 МВт болатын «KAZ GREEN ENERGY» ЖШС «Балқаш» КЭС-і іске қосылды.

2.1.1. ЖЭК нарығындағы теңгерімсіздік

ЖЭК саласындағы қолданыстағы заңнама шеңберінде «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС ЖЭК объектілері үшін теңгерім провайдері болып табылады, ол күн сайын ЖЭК-тің барлық түрлері бойынша жалпы жиынтық белгіленген қуаты шамамен 2 309 МВт болатын ЖЭК-тің 99 объектісі үшін бүкіл ел бойынша тәуліктік өндіріс кестесін шоғырландырады.

2022 жылға арналған ҚР өңірлері бойынша бөліністе қолданыстағы ЖЭК объектілері бойынша ЖЭК белгіленген қуаты, МВт




ЖЭК секторын дамыту саласын инвестициялауға қатысты бүгінгі күннің ақиқаты әлеуетті инвесторларда ЖЭК әлеуеті зор аумақтардың кеңдігіне байланысты елдегі ЖЭК объектілерін салуда жел және күн электр станцияларына үлкен артықшылық берілетінін көрсетеді.



Табиғатқа парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайтуға бағытталған Париж келісіміне сәйкес Қазақстан экологиялық жағдайды жақсартуға белсенді қатысады, бірақ Қазақстанның энергетикасы тұрғысынан бұл тек табиғи құбылыстарға тәуелді электр станцияларының осындай түрлерімен электр энергиясын өндіруде көптеген жағымсыз үрдістерге алып келеді.

ЖЭК генерациясымен байланысты негізгі проблемалардың бірі ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндірудің жоспарлы тәуліктік кестесін сақтамауы болып табылады. Күнделікті кестені сапасыз жоспарлау жұмысты едәуір қиындатады және электр энергиясын өндіру мен тұтынудың тұрақты теңгерімін қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді орындауға кедергі келтіреді. Бұл проблема Қазақстанда маневрлік генерацияның тапшылығымен күрделене түседі. ҚР БЭЖ-де маневрлік қуаттардың тапшылығы, сондай-ақ ЖЭК-тен электр энергиясын өндірудің жоспарланған өсуі энергетикалық жүйені теңгерімдеу және реттеу мәселелері бойынша Ресей Федерациясына тәуелділіктің өсуіне алып келеді.

Тәуліктік кестені қалыптастырудың қолданыстағы схемасы




ҚР заңнамасына сәйкес тәуліктік кестені қалыптастырудың қолданыстағы схемасы Жүйелік операторды жоспарлау жүйесінің веб-интерфейсіне өтінімді жүктеу арқылы электр энергиясының көтерме сауда нарығының барлық субъектілері үшін тәуліктің 11 сағатына дейін (оның ішінде ЖЭК) қалыптастырылған тәуліктік кестені бағыттауды көздейтінін атап өту маңызды. Бұдан әрі, тәулік бойы сағат 16:00-ге дейін Жүйелік оператор іргелес мемлекеттердің уәкілетті диспетчерлік бөлімшелерімен электр энергиясының мемлекетаралық келісімшарттық ағындарының кестесін үйлестіреді және оны жоспарлау жүйесінің веб-сайтында сағат 17:00-ге дейін бекіте және орналастыра отырып, тәуліктік кестеге техникалық сараптама жүргізеді.


Төмендегі кестелер күн және жел станцияларының электр энергиясын өндірудің 2022 жылдың тамыз және қыркүйек айларындағы жоспарлы мәндерден ауытқуы туралы мысалдарды көрсетеді.

Операциялық тәулік басталғанға дейін бір күн бұрын тәуліктік кестені қалыптастыру кезеңінде осы ауытқуларды азайту тенденциясы, ал демалыс және мереке күндерін болжау бірнеше күн бұрын жүзеге асырылатынын және қарғымалы сипатқа ие екендігін айта кеткен жөн. Ауытқулардың бұл бағыты көптеген ЖЭК нысандарында, әсіресе қысқы кезеңде КЭС жобалары үшін байқалады.

1-сурет. КЭС нақты өндірісінің жоспарлы мәндерден 50 МВт ауытқу кестесі (26.08.2022–31.08.2022)



2-сурет. ЖЭС нақты өндірісінің жоспарлы мәндерден 48 МВт ауытқу кестесі (23.09.2022–30.09.2022)




Талдамалық деректерге сәйкес, 2022 жылы ЖЭК объектілерінен оң және теріс жиынтық теңгерімсіздіктер нақты генерациясы 4 561,6 млн. кВтсағ болған кезде 1 867,8 млн. кВтсағ құрағаны анықталды! ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруді болжау мәселесіндегі үлкен проблема олардың сақталуын ынталандыру үшін қаржы құралдарының болмауында. КЭС-тегі жиынтық теңгерімсіздік көрсеткіштерінің шамамен 527 млн. кВтсағ құрады немесе 28%, ЖЭС – 1 257 млн. кВтсағ немесе 67%, СЭС - 84 млн. кВтсағ немесе 1%-дан кем.



ЖЭК-тен энергия жүйесіндегі ең жоғары теңгерімсіздік болған ай - наурыз, бұл ЖЭК-тің барлық түрлері бойынша 93 млн. кВтсағ жеткіліксіз өндіруді, 89 млн. кВтсағ электр энергиясын қайта өндіруді құрады.

2022 жылғы ЖЭК түрлері бойынша орташа сағаттық ауытқу келесідей:



ЖЭК-тің барлық түрлері үшін көрсетілген кезеңнің айлары бойынша ең үлкен орташа ауытқу қаңтар айы болып табылады: КЭС – 61,79%, ЖЭС үшін - 70,28%, СЭС үшін - 27,30%. Бұл фактор маусымдық сипаттағы КЭС және СЭС үшін болжау қиындықтарымен байланысты.

Бұл ретте, белгілі бір диапазоннан ауытқу кезіндегі сағат саны:

Ауытқу диапазоны	КЭС*		ЖЭС		СЭС	
x < 10%	1 174	13%	1 014	12%	4 226	48%
10% < x < 20%	671	8%	635	7%	1 492	17%
20% < x < 30%	474	5%	653	7%	889	10%
30% < x < 40%	382	4%	590	7%	447	5%
40% < x < 50%	335	4%	610	7%	302	3%
50% < x < 60%	297	3%	624	7%	209	2%
60% < x < 70%	290	3%	585	7%	143	2%
70% < x < 80%	278	3%	622	7%	152	2%
80% < x < 90%	266	3%	647	7%	313	4%
x > 90%	682	8%	2 781	32%	587	7%

*қарастырылып отырған кезеңдегі күн сағаттарын ескере отырып

Нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жұмыс істеген кезде пайда болатын электр энергиясының елеулі теңгерімсіздіктері, Ресей Федерациясының энергия жүйесіне тәуелділіктің артуы ЖЭК балансының провайдері жағында қаржылық тәуекелдердің пайда болуына әкеледі. Осыған байланысты, қысқа мерзімде дәлірек болжау үшін ЖЭК объектілерінің жүйелерді енгізуі туралы мәселе пысықталуға тиіс.

2.2 ЭЛЕКТР ҚУАТЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ


Еліміздің энергетикалық объектілерінің техникалық қорын жаңарту, жаңғырту және кеңейту процестерін жандандыру және энергиямен жабдықтау сенімділігінің қажетті деңгейін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасының 50 және 52 қадамдарын іске асыру шеңберінде 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр қуаты нарығы іске қосылды, оны қалыптастыра отырып электр энергиясының бірыңғай нарығы екі бөлек сегментке бөлінді – электр энергиясы және электр қуаты. 2014 жылдың маусым айында отын-энергетика кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі бекітілген тұжырымдамасы шеңберінде жетекші әлемдік энергетикалық компаниялар мен қаржы институттарын инвесторлар рөліне тарту үшін электр энергетикасындағы бәсекелестік пен нарықтық қатынастарды одан әрі жетілдіруге бағытталған базалық міндеттер айқындалды.

Қазақстан БЭЖ бойынша жалпы ақпарат

2022 жылдың қорытындысы бойынша электр энергия генерациясы 112,8 млрд. кВтсағ-қа жетті. Өткен жылдың тарихи ең жоғары көрсеткішінен төмендеу 0,9 млрд. кВтсағ құрады. Бұл ретте, тұтынудың өсуі 1,5 млрд. кВтсағ деңгейінде тіркеліп, 112,9 млрд. теңгені құрады. Қазақстан БЭЖ-нің 20.01.2022 жылғы электр энергиясы мен қуатының болжамды теңгеріміне сәйкес, 2029 жылдың соңына қарай электр энергиясын өндіру 146,01 млрд. кВтсағ тұтынуы кезінде 140,53 млрд. кВтсағ жетеді.

Төменде 1990 жылдан 2029 жылға дейінгі электр энергиясын өндіру/тұтыну динамикасы (факт/болжам), сондай-ақ 2022 жылғы негізгі өндірістік көрсеткіштер берілген.

6-сурет. 1990 жылдан 2029 жылға дейінгі электр энергиясын өндіру/тұтыну динамикасы





7-сурет. Электр энергияның өндіру/тұтыну құрылымы және Қазақстан БЭЖ электр станциясының белгіленген/қолжетімді қуаттары



Тұтыну 112,9 млрд. кВтсағ
 Жылдық максималды жүктеме..... 16,4 ГВт (07.12.2022 ж. сағ. 10:39-да)
 Қолжетімді қуат..... 20,2 ГВт

Электр қуаты нарығы келесілерге бағытталған:

- инвесторлар үшін ұзақ мерзімді кепілдіктерді қамтамасыз ету арқылы жаңа генерациялаушы қуаттарды салу және қолданыстағы генерациялаушы қуаттарды және маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды жаңғырту үшін инвестициялар ағынын ынталандыру;
- ҚР БЭЖ-де генерациялаушы қуаттардың тапшылығына жол бермеу;
- өндіруші қуаттарды озыңқы дамыту арқылы ҚР БЭЖ ұзақ мерзімді баланстық сенімділігін қамтамасыз ету

«Бірыңғай сатып алушы» моделіне негізделген қуат нарығының механизмі елдің бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде (БЭЖ) электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемде жаңа генерациялайтын қуаттарды салуға және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға инвестициялар ағынын ынталандыру мақсатында практикаға енгізілді.

Электр қуаты нарығындағы «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметінің нәтижелері

2022 жылы қуат нарығының жұмыс істеу қорытындысы бойынша «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС келесі жұмыстарды жүргізді:

- «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қуат нарығының тұтынушыларымен шарттық компания бойынша 2022 жылдың соңында шарттық көлемі 680,9 МВт*ай көлемінде жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге 350 шарт жасалды. Қуат нарығының тұтынушылары міндетті түрде энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші компаниялар, сондай-ақ тұтынушылар, оның ішінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын өнеркәсіптік кешендер болып табылады.

Бірыңғай сатып алушыға электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметке ақы төлеуді тұтынушылар бірыңғай, орташа өлшенген баға бойынша жүргізеді. 2022 жылға есептік баға 711 432 теңге/МВт*ай құрады.

Электр энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдар жыл сайын аттестатталған электр қуатының мәлімделген параметрлерін және электр қуатын ұлғайту мен азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын растау тұрғысынан генерациялайтын қондырғыларды аттестаттаудан өтуі қажет. Өткен жылы Жүйелік оператор жүргізген генерациялаушы қондырғылардың электр қуатын аттестаттау жөніндегі іс-шаралардың нәтижелері бойынша 2022 жылы электр қуаты нарығына қатысуға 34 станция жіберілді.

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС 2022 жылы 34 энергия өндіруші ұйымдардан қуаттылықты орталықтандырылған сатып алуды жүзеге асырды:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігімен инвестициялық келісімдер жасасқан жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардан «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС, «Севказэнерго» АҚ, У.Д. Қантаев атындағы «Мойнақ СЭС» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ және «Sagat Energy» ЖШС-мен **6 инвестициялық келісім жасасты, олар бойынша 2022 жылға арналған жиынтық шарттық қуаты 765,6 МВт*айды құрады**

құрамына жылу электр орталықтары (ЖЭО) кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардан алынатын қуаттың технологиялық минимумы көлемінде. Осылай, «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС **жалпы қуаттылығы 2551,8 МВт*айға 18 шарт жасасты**

орталықтандырылған сауда-саттық қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардан. Осылай, «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС **жалпы қуаттылығы 6 914,5 МВт*айға 26 шарт жасасты**

Энергия өндіруші ұйымдардың электр қуаты нарығының жұмыс істеу қорытындысы бойынша 2022 жылы 79,9 млрд. теңгеден астам табыс алынды.

2022-2029 жылдарға арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды теңгеріміне сәйкес осы уақытша кезеңде Қазақстан Республикасының БЭЖ-де электр қуаттарының тапшылығы байқалады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2022 жылға арналған маневрлік генерациялау режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғыларды салуға аукциондық сауда-саттық өткізу Кестесін бекітті.



8-сурет. Электр қуаты нарығының моделі



10-кесте. 2022 жылы электр қуаты нарығына қатысқан энергия өндіруші ұйымдардың тізімі

№	Энергия өндіруші ұйымның атауы	2022 жылғы алынған инвестициялардың нақты сомасы, млн. теңге
1	«Астана-энергия» АҚ	3 078
2	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	3 038
3	«Өскемен ЖЭО» ЖШС	1 888
4	«Риддер ЖЭО» АҚ	19
5	«Bassel Group LLS» ЖШС	379
6	«Степногорск ЖЭО» ЖШС	699
7	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	756
8	«Жайықтапэнерго» АҚ	185
9	«МАЭК-КазАтомПром» ЖШС	3 446
10	«Текелі энергокешен» ЖШС	71
11	«Алматы электр станциясы» АҚ	8 211
12	«Атырау ЖЭО» АҚ	1 660
13	«Орал газ турбиналы электр станциясы» ЖШС	340
14	«Қарағанды Энергоорталық» ЖШС	5 966
15	«Севказэнерго» АҚ	1 726
16	«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	765
17	«Соғра ЖЭО» ЖШС	78
18	«Қызылорда тепловы электростанциясы» МКК	361
19	«Таразэнергоцентр» АҚ	178

№	Энергия өндіруші ұйымның атауы	2022 жылғы алынған инвестициялардың нақты сомасы, млн. теңге
20	«3-Энергоорталық» АҚ	477
21	«Евроазиаттық энергетикалық корпорациясы» АҚ	1 635
22	«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл МАЭС» АҚ	3 257
23	«Кристал Менеджмент» АҚ	572
24	«У.Д. Кантаев атындағы Мойнак СЭС» АҚ	8 904
25	«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	5 516
26	«Шардара СЭС» АҚ	2 831
27	«Батыс Пауэр» ЖШС	170
28	«АЭС Өскемен СЭС» ЖШС	2 322
29	«АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС	2 931
30	«Топар бас энергия тарату станциясы» ЖШС	2 572
31	«Жаназол ГТЭС» ЖШС	547
32	«Казцинк» ЖШС	1 071
33	«Булат Нуржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	14 331
34	«SagatEnergy» ЖШС	-
Барлығы:		79 982

2.2.1 Генерациялаудың маневрлік режимімен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғылар салуға аукциондық сауда-саттық жүргізу

2022 жылғы шілдеде номиналды қуаты 240 МВт-қа дейінгі Қызылорда облысында және номиналды қуаты 926,5 МВт болатын Түркістан облысында маневрлік газ электр станциясын салуға аукциондық сауда-саттық өткізілді. Қызылорда облысында аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы «Акса Энерджи Уретим Аноним Ширкети» АҚ филиалы ҚҚС-сыз айына МВт үшін 11 591 000 теңге жеке тарифімен, ал Түркістан облысы бойынша айына МВт үшін 16 275 800 теңге жеке тарифімен «ПГУ Туркестан» ЖШС анықталды.

Сондай-ақ, 2022 жылғы желтоқсанда маневрлік генерациялау режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғылардың құрылысы бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес сауда-саттықтың II түрі бойынша аукцион өтті. Электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызмет көлемі 550 МВт құрады. Шекті аукциондық бағаның шамасы айына 9 798 700 тг/МВт (ҚҚС-сыз) құрады.

Аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша іріктелген қуаттың жиынтық көлемі 550 МВт құрады. Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы болып ҚҚС-сыз айына МВт үшін 9 778 700 теңге жеке тарифпен 70 МВт көлемімен «Kazakhmys Energy» ЖШС және ҚҚС-сыз айына МВт үшін 9 788 700 теңге жеке тарифімен 480 МВт көлемімен «Алматы электр станциялары» АҚ танылды.

Сауда-саттықтың жеңімпазы электр станциясының құрылысын 2025-2026 жылдарға дейін аяқтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ электр энергетикасы саласындағы заңнамада көзделген талаптарды орындауға міндетті.

Өз кезегінде, инвестор үшін электр қуаты нарығы шеңберінде 15 жыл ішінде «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС тарапынан электр қуаты көлеміне салынған инвестициялардың кепілдендірілген қайтарымы қамтамасыз етілетін болады.



03

Корпоративтік басқару

Кадр саясаты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар




3.1 КАДР САЯСАТЫ

3.1.1 Қызметкерлерді басқару

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС кадрлық әлеуеті ұйымның табысы мен дамуын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС адам ресурстарының менеджменті Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандарт қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылды.

Кадр саясаты жоғары нәтижелерге қол жеткізуге және меритократияға бағдарланған тиімді корпоративтік мәдениет арқылы «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС Даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін маңызды зияткерлік және кәсіби ресурс ретінде кадр әлеуетін қалыптастыруға бағытталған.

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің кадр саясатын дамытудағы мақсатын іске асыру үшін мынадай бағыттар бар:




Кадр саясатының барлық элементтері жаңа жұмысшыларға тез және тиімді бейімделу үшін құрылған. Сонымен қатар, одан әрі бірлескен жұмыс үшін «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС ережелері мен функцияларын зерделеу мақсатында жаңадан енгізілген қызметкерлермен таныстыру іс-шаралары тұрақты негізде өткізіледі.

3.1.2 Еңбекақы, әлеуметтік қолдау, ынталандыру

Қызметкерлердің қызметіне кешенді бағалау енгізілген қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы беру ережесі шеңберінде, қызметті бағалау нәтижелері «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын қайта қарау үшін, пайдаланылатын болады.

2022 жылы «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мынадай төлемдерді қамтыды:



«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС тиімді жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ бейілділікті арттыру мақсатында қызметкерлерге келесі әлеуметтік қолдау көрсетеді:

- жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін материалдық көмек;
- мерейтойлық күнге (50, 60 жыл) материалдық көмек, егер ол олардың «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-де жұмыс істеу кезеңінде болса;
- баланың тууына/асырап алуына байланысты материалдық көмек;
- қызметкердің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- қызметкердің отбасы мүшелерінің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- неке қиюға байланысты материалдық көмек;
- медициналық сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып кеткен немесе ауру сақтандыру жағдайына жатпайтын жағдайда, аурулардың тізбесіне сәйкес қызметкердің медициналық емделуіне/отасына ақы төлеуге материалдық көмек;
- мүгедек балаларды, мүгедектік тобына және жасына қарамастан бала кезінен мүгедектерді емдеуге ақы төлеуге материалдық көмек.

2022 жылы атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша ерекше еңбегі үшін «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің 2 қызметкері мемлекеттік, салалық және ішкі марапаттармен көтермеленді.



3.1.3 Қызметкерлер саны мен құрамы

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметкерлері жұмыскерлердің білім деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қызметкерлердің 100% жоғары білімі бар.

Есепті жылы «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметкерлерінің тізімдік саны 40 адамды құрады.

Көрсеткіштер	Қызметкерлердің тізімдік саны	
	адам	%
Барлығы:	40	100
олардың ішінде:		
басшылар	2	5
мамандар	38	95

Қызметкерлердің жынысы бойынша құрылымы

Бөлім	Барлығы, адам	олардың ішінде			
		ерлер		әйелдер	
		адам	%	адам	%
«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС	40	18	45	22	55

Бөлім	Қызметкерлердің жасы бойынша құрылымы, %		
	28 жасқа дейін	29-49 жас	50 жастан жоғары
«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС	9 (22,5%)	27 (67,5)	4 (10%)

3.1.4 Конкурстық іріктеу

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-нің жаңадан енгізілген қызметкерлерін жалдау рәсімі Бас директордың 29.11.2022 жылғы № П-101-2022 бұйрығымен бекітілген қызметкерлерді іздеу және іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Іздеу және іріктеу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылады. Ереже білікті мамандарға қажеттілікті қамтамасыз ету және «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС бос лауазымдарына орналасуға конкурстық іріктеу жүргізу рәсімін айқындайды. Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін жоғары білікті мамандарды іздеу және іріктеу, сондай-ақ кандидаттар бойынша деректер базасын жүргізу, ашық конкурстық рәсімдерді енгізу, кандидаттардың білім деңгейін тексеру үшін тестілеу элементтерін қолдана отырып, бос лауазымдарға қызметкерлерді іріктеу кезінде жүзеге асырылады.

Конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС құрылымдық бөлімшелеріндегі бос лауазымдарға 2022 жылы 11 конкурс өткізілді, оның қорытындысы бойынша 11 қызметкер жұмысқа қабылданды.

3.2 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға міндетті.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер айқындалады, олардың негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған талаптарды іске асыру үшін 2022 жылдың тамызында Серіктестіктің Байқаушы кеңесі «ЖЭКҚ жөніндегі

ҚЕАО» ЖШС ұйымдық құрылымына Байқаушы кеңеске есеп беретін дербес құрылымдық бөлімшені енгізу жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті (2022 жылдың 02 тамызындағы № 2 хаттама) құру туралы шешім қабылдады.

Байқаушы кеңестің 2022 жылдың 23 қыркүйегіндегі шешімімен (№3 хаттама) «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) туралы ереже бекітілді және 2022 жылдың 03 қазанында өз міндеттерін орындауға кіріскен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің комплаенс-офицері тағайындалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2022 жылға арналған бекітілген іс-шаралар жоспарын орындау үшін серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша келесілерге бағытталған саясаттарды, стандарттарды, қағидаларды, нұсқаулықтарды бекітті:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың белгіленген талаптарын және оны орындау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін қабылдау жөніндегі міндеттемелерді мүлтіксіз сақтау;
- Серіктестікте мәмілелер жасасу, шарттық міндеттемелерді орындау, қызметтер көрсету және өзге де әрекеттер кезінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдер мен тетіктерді айқындау;
- мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жүйесін, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды белгілеу, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігін регламенттеу;



- Серіктестік қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылық және ақылақтық бағдарлар жүйесін құру жолымен сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған мінез-құлық қағидаларының, рұқсаттардың, тыйымдар мен шектеулердің жүйесін айқындау;
- Серіктестік қызметінде, оның ішінде үшінші тұлғалармен құқықтық қатынастарды айқындайтын мәмілелерде, шарттарда, келісімдерде, келісімшарттарда және өзге де құжаттарда, сондай-ақ үшінші тұлғалармен өзара іс-әрекет жасау және Серіктестік қызметкерлерін басқару жөніндегі бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіру, анықтау, бақылау және оларды азайту жөнінде шаралар қабылдау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік құжаттардың күші атқаратын лауазымының деңгейіне және атқаратын функцияларына қарамастан барлық лауазымды адамдар мен қызметкерлерге қолданылады.

Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен:



Ай сайын қазан айынан бастап қызметкерлер ISO 37001:2016 халықаралық стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және парақорлыққа қарсы күрестің халықаралық менеджмент жүйесі мәселелері бойынша оқыту іс-шараларына қатысты.

Сондай-ақ серіктестік сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іске асыруға әкеп соғуы мүмкін сыбайлас жемқорлық факторлары анықталды. Осыған байланысты серіктестіктің ресми веб-сайтында орналастырылған Талдамалық анықтамада көрсетілген ұсынылған ұсынымдарға сәйкес тәуекелдерді нивелирлеу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылды <https://rfc.kz/page/corpdocs>.

Келесі жылы Серіктестік персоналды оқыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа (ISO 37001:2016: «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» халықаралық стандартына (бұдан әрі - ISO 37001:2016) немесе ҚР Ұлттық стандартына 3049-2017 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі) сәйкес келетін менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша бірқатар іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. 2023 жылға арналған бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар Жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа іс-шаралармен қатар қолдану жөніндегі талаптар мен нұсқаулық (ISO 37001:2016 Anti-bribery management systems-requirements with guidance for use, IDT).



04

Заң шығару қызметі

ЖЭК саласындағы заңнамалық өзгерістер

Электр қуаты нарығындағы
заңнамалық өзгерістер



4.1 ЖЭК САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында электр қуаты нарығының жұмыс істеуі бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аукциондық бағаларды индекстеу шарттары бөлігінде «Тіркелген тарифтер және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 27 наурызындағы № 271 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осылайша, жаңа түзетулер мыналарды қарастырады:

- ұлттық валютаның АҚШ долларына айырбас бағамының 100% өзгеруіне құрылыс кезеңіне аукциондық бағаларды біржолғы индекстеу;
- - индекстеу формуласын таңдай отырып, аукциондық бағаларды жыл сайынғы индекстеу оның бүкіл қолданылу кезеңіне сатып алу шартын жасасу кезінде бір рет;
- - ұлттық валютаның АҚШ долларына айырбас бағамының 100% өзгеруіне аукциондық бағаларды жыл сайынғы индекстеу.

Бұл инновациялар инвесторлар үшін тәуекелдерді азайту және Қазақстандағы ЖЭК секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында әзірленді.

4.2 ЭЛЕКТР ҚУАТЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында электр қуаты нарығының жұмыс істеуі бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қуат нарығының тұтынушылары бойынша:

1

Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көлемінің тұтынушыға нақты көрсетілген қуат көлемін есептеу бөлігінде, қуат нарығын тұтынушының электр қуатының есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты ең жоғары мәнінің қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің тиісті шарттық көлемінен асып кету мәнін айқындау бөлігінде өзгерістер енгізілді;

2

Жүйелік оператордың есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша қуат нарығы тұтынушыларының электр қуатының нақты максималды мәнін айқындауына өзгерістер енгізілді;

3

Жүйелік оператор қуат нарығын тұтынушылар тізбесін өзектендіру бөлігі бойынша өзгерістер енгізілді.

Энергия өндіруші ұйымдар бойынша:

1

Бірыңғай сатып алушының электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметті сатып алу туралы шарттар жасасуына қатысты толықтырулар енгізілді;

2

Энергия өндіруші ұйымдарды кезектен тыс аттестаттау кезінде электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметтің шарттық көлемін азайту шарттарына қатысты өзгерістер енгізілді.



05

Халықаралық ынтымақтастық

Нарық қатысушыларымен ынтымақтастық және өзара әрекеті

ЖЭК саласындағы аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар үшін ЕҚДБ жобалық құжаттамасын әзірлеу





5.1 НАРЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС электр энергетикасы нарығындағы көптеген негізгі ойыншылармен белсенді ынтымақтасады. Бұдан басқа, «Атамекен» ҰКП, Қазақстандық электр энергетикалық қауымдастық, KAZENERGY қауымдастығы, Қазақстанның жаңартылатын энергетика қауымдастығы, Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастық, «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы» ЗТБ, «Қазақстандық Күн энергетикасы қауымдастығы» ЗТБ, «Тау-кен өндіру және тау-кен металлургия кәсіпорындарының Республикалық Қауымдастығы» ЗТБ (ТМКК) және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастықта бірлескен белсенді заң шығару қызметі жүргізіледі.

«ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС ҚР Энергетика министрлігімен, «KEGOC» АҚ, «КОРЭМ» АҚ-мен Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергетика мен электр қуаты нарығын дамыту мәселелерінде тығыз ынтымақтастықта. Бұдан басқа, ЖЭК қолдау механизмінің одан әрі дамуын бағалау барысында IFC, ЕҚҚДБ, АДБ сияқты халықаралық қаржы институттарының пікірлері ескеріледі. TetraTech, IRENA, NREL және USAID тұлғасындағы халықаралық консультанттар түрлі зерттеулер жүргізуге және «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС қызметкерлерінің құзыретін арттыруға ықпал етеді.





5.2 ЖЭК САЛАСЫНДАҒЫ АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚҚА ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН ЕҚДБ ЖОБАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Еуропалық қайта құру және даму банкі Қазақстан үшін стратегиялық серіктестердің бірі болып табылады, ол жемісті ынтымақтастық жылдарында 300-ге жуық жобаны инвестициялап, іске асырды.

Консультативтік консорциумның жетекші кеңесшісімен бірге Synergy Consulting Infrastructure & Financial Advisory Services Inc. Еуропалық қайта құру және даму банкі Қазақстанда ЖЭК секторын дамыту бойынша қолдау көрсетеді.

Осылайша, 2022 жылы ЕҚДБ әлеуетті инвесторларға аукциондық сауда-саттық үшін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне Жезқазған қаласында қуаты 100 МВт және Арқалық қаласында қуаты 50 МВт жел электр станцияларын әзірлеуге және салуға өтеусіз негізде жобалау алдындағы құжаттамаларды әзірлеп, ұсынды, олар өз кезегінде аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарына кейіннен жобалау алдындағы құжаттарды ұсыну үшін «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС-не берілді.

Желіге қосылу мәселелерін пысықтауды, қаржыландыру институттары үшін жеткілікті деңгейде ресурстық әлеуетті бағалауды, сондай-ақ жер учаскесінің жарамдылығын бағалауды қамтитын жобалық құжаттаманы дайындау инвесторлардың жобалық тәуекелдерін едәуір төмендетуге және пайдалануға беру мерзімдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

5.2.1 LiDAR қондырғысымен жел өлшеудің қолданылуы мен артықшылықтары

Атмосфераның жай-күйін, табиғи-климаттық өзгерістерді және табиғатты пайдалану тәуекелдерін мониторингілеу мен болжаудың қазіргі заманғы технологияларында және басқа да зерттеулерде жел жылдамдығы векторының биіктік және жер үсті профилдері туралы деректер талап етіледі. Жел доплер лидарлары өздерін осындай деректерді алудың тиімді құралы ретінде танытты және жердегі, авиациялық және ғарыштық нұсқаларда жүзеге асырылды.

Қашықтықтан зондтау - бұл объектімен физикалық байланыс орнатпай, объект немесе құбылыс туралы ақпарат алу. Калибрленген ротордың айналу жылдамдығын есептеу арқылы желдің жылдамдығын анықтайтын кәдімгі шыныаяқ анемометриясынан айырмашылығы, қашықтықтан зондтау құрылғылары сұйықтық ағынын тікелей өлшейтін желдің жылдамдығын анықтайды. Жел энергетикасына қатысты қашықтықтан зондтау технологиясының екі түрі коммерциялық қолжетімді:

Содар (дыбысты анықтау және алысқа жету) дыбыстық толқындарды қолдану, және Лидар (жарықты анықтау және қашықтықты анықтау) жарық толқындарын қолдану.

Лидардың жұмыс принципі - бұл жүйе лазер сәулесін ауаға жібереді, алынған жарық аэрозольдермен шашырайды (атмосферада диаметрі 0,1-ден бірнеше микронға дейінгі ұсақ шаң бөлшектері). Атмосфераның қасиеттері қабылданған сигнал негізінде талданады. Қозғалыстағы объектілердің сигналдары аэрозольдердің жылдамдығын есептеуге мүмкіндік беретін олардың жылдамдығына пропорционалды жиіліктің доплерлік ығысуына ие.

ZX300 өлшеу орнындағы ауа ағынын талдау үшін (CFD) VENTOS толық параметрленген және автоматтандырылған есептеу гидродинамикасы үлгісін қолданады.

Метеомачталармен салыстырғанда ZX300 жел лидары келесі артықшылықтарға ие:



USAID «Болашақ энергиясы» өңірлік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасына техникалық көмек көрсету үшін 2022 жылдың 18 наурызында өтеусіз негізде «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС ел өңірлерінде жел әлеуетін кешенді зерттеу жүргізу үшін ZX300 LiDAR екі жел өлшеу қондырғысын алды.

Өз кезегінде, «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен және «KEGOC» АҚ-мен бірлесіп ZX300 LiDAR жел өлшеу қондырғыларын орналастыру мүмкіндігі мен орындылығы бойынша жұмыстар жүргізді, оның барысында Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында орналастыру нүктелері анықталды.

2022 жылдың 19 шілдесінде «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО» ЖШС Ақмола облысында жел энергиясының әлеуетін зерттеу жүргізуге ZX300 LiDAR қондырғысын ұсынуға «Заманауи инновациялық технологиялар» ЖШС-мен шарт жасасты.



06

2022 жылғы қаржылық есептілік



«RSM Qazaqstan» ЖШС
050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Достық даңғ., 43
«D43» Бизнес орталығы, 302-кеңсе
Тел.: +7 727 339 87 78
www.rsm.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Жаңартылған энергия көздерін қолдану жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС Қатысушыларына мен Басшылығына

Пікір

Біз «Жаңартылған энергия көздерін қолдану жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС -нің (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, өрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан өрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Көсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса) (бұдан өрі – БХЭСК Кодексі) сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті өрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.



Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықпалсыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықпалсыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықпалсыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзгертейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықпалсыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықпалсыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалау ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер өзгерей мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылық қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізді қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелерге негізделген. Алайды, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.



Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөніндегі, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Аудит нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудитордың есептілігін шығаруға аудитті жүргізуге жауапты серіктес, – Айсулу Нарбаева.

ТОО "RSM Qazaqstan"

Айсулу Нарбаева
Аудитор /Бас директор
«RSM Qazaqstan» ЖШС



Аудитордың біліктілік куәлігі
1994 жылғы 21 қазандағы
№ 0000137

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2019 жылғы 24
желтоқсанда берген № 19024411 Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Достық даңғ., 43, «D43» бизнес-орталығы, 302-кеңсе

2023 жылғы 22 маусым

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау
жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар		30.367	27.567
Материалдық емес активтер		14.275	14.836
Кейінге қалдырылған салық активі	13	358.831	234.733
Өзге ұзақ мерзімді активтер		122.146	–
		525.619	277.136
Ағымдағы активтер			
Қорлар		10.545	155.465
Сауда дебиторлық берешегі	5	28.012.532	25.777.422
Өтелетін ҚҚС		773.123	–
Өзге қаржы активтері	6	–	5.151.507
Берілген аванстар		–	983
Өзге ағымдағы активтер		50.353	15.875
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	58.564.899	38.847.799
		87.411.452	69.949.051
Активтер жиыны		87.937.071	70.226.187
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	8	100.000	100.000
Бөлінбеген пайда		48.055.902	37.021.790
		48.155.902	37.121.790
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Мемлекеттік субсидиялар		107.778	7.846
		107.778	7.846
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	9	39.460.888	31.602.053
Мемлекеттік субсидиялар, ағымдағы бөлім		2.942	2.942
Төленуге тиісті ҚҚС		–	1.139.071
Табыс салығынан басқа, өзге салықтар бойынша берешек		20.686	8.501
Корпоративтік табыс салығы бойынша берешек		112.633	261.182
Өзге де ағымдағы міндеттемелер		76.242	82.802
		39.673.391	33.096.551
Міндеттемелер жиыны		39.781.169	33.104.397
Капитал мен міндеттемелер жиыны		87.937.071	70.226.187

5 беттен 29 бетке дейінгі беттердегі есептік саясат пен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бас директор



Г.К. Налибаева

Бас бухгалтер

Г.В. Сираева



«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	10	234.397.104	215.913.384
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	11	(222.735.476)	(195.940.438)
Жалпы пайда		11.661.628	19.972.946
Жалпы және өкімшілік шығыстар	12	(578.327)	(407.200)
Қаржылық кірістер	6, 7	5.297.504	2.194.275
Қаржылық шығыстар		(6.519)	(11.236)
Өзге де кірістер		237.497	81.625
Өзге де шығыстар		-	(29)
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервті есептеу		(610.358)	(407.931)
Салық салуға дейінгі пайда		16.001.425	21.422.450
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	13	(3.117.165)	(4.035.022)
Бір жылдағы таза пайда		12.884.260	17.387.428
Өзге де жиынтық табыс		-	-
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны		12.884.260	17.387.428

5 беттен 29 бетке дейінгі беттердегі есептік саясат пен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бас директор



Г.К. Налибаева
Г.К. Налибаева

Бас бухгалтер

Г.В. Сираева
Г.В. Сираева

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызмет			
Салық салынғанға дейінгі кіріс		16.001.425	21.422.450
Салық салынатын салықтың пайдасы таза ақшалай ағындардың салыстырмалы салмағы			
Тозу және амортизация	12	13.351	12.812
Қолданылмаған демалыс пен бонустар бойынша резерв есептеу		107.952	58.099
Күтілетін кредиттік шығындар резерв есептеу		610.358	407.931
Негізгі құралдар шығуынан түсетін кіріс		-	(6.379)
Қаржылық кіріс	6, 7	(5.297.504)	(2.194.275)
Айналым капиталына түзетулер			
Қорлардағы өзгеріс		144.920	(100.441)
Сауда дебиторлық берешегіндегі өзгеріс		(2.822.445)	(8.892.151)
Берілген аванстардағы өзгеріс		983	1.254.511
Өзге ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс		-	-
Өтеуге және басқа салықтарға ҚҚС-тағы өзгеріс		(773.123)	6.999
Өзге ағымдағы активтердегі өзгеріс		(46.069)	176.234
Сауда кредиторлық берешегіндегі өзгеріс		7.858.836	4.632.855
Кейінге қалдырылған кірістердегі өзгеріс		-	(2.943)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		(1.126.886)	1.138.752
Өзге ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		(136.727)	(68.541)
		14.535.071	17.845.913
Төленген корпоративтік табыс салығы		(2.710.956)	(3.284.068)
Алынған пайыздар		4.126.974	774.259
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		15.951.089	15.336.104
Инвестициялық қызмет			
Депозиттерді алу		33.029.809	51.628.554
Депозиттік шоттарды толықтыру		(27.386.627)	(42.420.075)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		-	6.407
Негізгі құралдарды сатып алу		(11.780)	(3.364)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(3.810)	(1.634)
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		5.627.592	9.209.888
Қаржылық қызметі			
Дивидендтер төлеу	8	(1.850.148)	-
Қаржылық қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары		(1.850.148)	-
Ақша қаражаттары және олардың баламаларындағы таза өзгеріс		19.728.533	24.545.992
Ақша қаражаттары және олардың баламаларына күтілетін кредиттік шығындарға резервті есептеудің өсері		(11.433)	(22.214)
1 қаңтардағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		38.847.799	14.324.021
31 желтоқсандағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	7	58.564.899	38.847.799

5 беттен 29 бетке дейінгі беттердегі есептік саясат пен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

* Сыйақылар бойынша пайыздар 678.856 мың теңге мөлшерінде қор көзінен ұсталған КТС шегеріліп алынды

Бас директор



Г.К. Налибаева
Г.К. Налибаева

Бас бухгалтер

Г.В. Сираева
Г.В. Сираева



«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	100.000	19.634.362	19.734.362
Жыл ішіндегі пайда	-	17.387.428	17.387.428
Жиынтық табыс жиыны	-	17.387.428	17.387.428
2021 жылғы 31 желтоқсанға арналған	100.000	37.021.790	37.121.790
Жыл ішіндегі пайда	-	12.884.260	12.884.260
Жиынтық табыс жиыны	-	12.884.260	12.884.260
Дивидендтер төлеу (Ескертпе 8)	-	(1.850.148)	(1.850.148)
2022 жылғы 31 желтоқсанға арналған	100.000	48.055.902	48.155.902

5 беттен 29 бетке дейінгі беттердегі есептік саясат пен түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бас директор



Налибаева Г.К.

Бас бухгалтер

Сираева Г.В.

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания» немесе «ҚЕАО») «Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуын қолдау мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі № 128-V Заңына (бұдан әрі – «Жаңартылатын энергия көздері туралы заң»), сондай-ақ 2013 жылғы 12 тамыздағы «Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (бұдан әрі – «КЕГОС»АҚ) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес 2013 жылғы 27 тамызда құрылды.

"Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кейбір мәселелері туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 858 қаулысының және тиісті қабылдау-тапсыру актісінің (2022 жылғы 22 ақпандағы) негізінде Компанияның жарғылық капиталына қатысудың 100% мемлекеттік үлесін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Энергетика Министрлігіне берілді.

2022 жылғы 14 маусымда Компания қатысушының ауысуына байланысты Астана қаласы Әділет департаментінің Алматы аудандық Әділет басқармасында қайта тіркеуден өтті.

Қызметтің негізгі түрлері:

- Тұтынушыға электр энергиясын сату (ЖЭК пайдалану объектілері өндірген және электр желілеріне берілген электр энергиясын, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесін орталықтандырылған сатып алу және сату);
- Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету;

Компанияның бас кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59.

Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдегі қоса беріліп отырған қаржылық есептілігін компанияның Бас директоры және Бас бухгалтері 2023 жылғы 22 маусым шығаруға мақұлдады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Компанияның қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қоспағанда, тарихи құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылды, ал өзге көрсетілген жағдайларды қоспағанда, барлық сомалар бүтін мыңға дейін дөңгелетілді.

Компания өзінің қаржылық есептілігін компания қызметінің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсіндірмелер мен түзетулер

Қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу саясаты 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

Компания есепті жыл ішінде 2022 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- ХҚЕС (IFRS) 3-ке түзетулер - «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»;
- ХБЕС (IAS) 16-ға түзетулер - «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейін түсімдер»;
- ХБЕС (IAS) 37-ге түзетулер - «Ауыртпалықты шарттар - шартты орындауға арналған шығындар»;
- ХҚЕС (IFRS) 1-ге түзетулер «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші қолдану» түзетуі - Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын алғаш рет қолданатын еншілес ұйым;
- ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзету «Қаржы құралдары» - Қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы.



«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Компания алғаш рет қолданған жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсіндірмелер мен түзетулер (жалғасы)

ХБЕС (IAS) 16-ға түзетулер - «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейін түсімдер»;
2021 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды, ол ұйымдарға негізгі құралдар объектісінің бастапқы құнынан осы объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басқару ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жағдайға келтіру процесінде өндірілген бұйымдарды сатудан түсетін қандай да бір түсімдерді шегеруге тыйым салады. Оның орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды өндіру құнын пайда немесе залал құрамында таниды.

Осы түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ертерегі басталған (немесе одан кейін) күні пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдардың объектілеріне ретроспективті түрде қолданылуға тиіс. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» түзету-қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда «10% тест» өткізу кезінде комиссиялық сыйақы

2018-2020 жылдардағы ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзету шығарды. Түзетуде комиссиялық сыйақының сомасы түсіндіріледі, ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай өзгеше болып табылатындығын бағалау кезінде ескереді. Мұндай сомаларға басқа тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есептік кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолдануға тиіс.

Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, Басшылық ХҚЕС (IFRS) 3, ХБЕС (IAS) 37, ХҚЕС (IFRS) 1 Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне қолданылмайды деп есептейді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген ХҚЕС стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған күні әлі күшіне енген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылса, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;
- ХБЕС (IAS) 1 Түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»;
- ХБЕС (IAS) 8 Түзетулер - «Бухгалтерлік бағаларды анықтау»;
- ХБЕС (IAS) 1-ге Түзетулер және ХҚЕС -ті қолдану бойынша № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер - «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу»;
- ХБЕС (IAS) 12-ге Түзетулер - «Бір операция нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық салу».

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген ХҚЕС стандарттар (жалғасы)

Түзетулер ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басында немесе осы күннен кейін болатын операцияларға қолданылуы тиіс. Бұдан басқа, ең ерте ұсынылған салыстырмалы кезеңнің басында кейінге қалдырылған салық активі (жеткілікті салық салынатын пайда болған жағдайда) және кейінге қалдырылған салық міндеттемесі жалға алуға және пайдаланудан шығару жөніндегі міндеттемелерге байланысты барлық шегерілетін және салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты танылуға тиіс. Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің ықтимал әсерін талдап жатыр.

Басшылық ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» Компанияның қаржылық есептілігіне қолданылмайды деп санайды.

Активтер мен міндеттемелерді айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімдіге жіктеу

Қаржы жағдайы туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді оларды айналымды/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді жіктеу негізінде ұсынады. Актив айналымды, егер:

- егер оны іске асыру көзделсе немесе ол әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналған;
- оны есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде іске асыру болжалса; немесе
- есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық өзге активтер айналымнан тыс активтер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді, егер:

- оны кәдімгі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделеді;
- егер ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есептік кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- егер компанияның есептік кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Компания әрбір есептік күнге әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты қаржы құралдарын бағалайды. Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле жасалатынын болжайды:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта жүзеге асырылады.

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жол берулерді пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады.



«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары-бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Егер жоғарыда көрсетілген критерийлердің ең болмағанда біреуі сақталмаса, қаржылық актив әділ құн бойынша өлшенеді.

Компанияның амортизацияланған құны бойынша есепке алынбайтын қаржы активтері әділ құны бойынша есепке алынады.

Егер екі өлшем сақталса, қаржылық актив басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескеріледі:

- 1) бизнес-модельдің максаты қаржы активін барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін де, қаржы активін сату арқылы да ұстап қалу болып табылады; және
- 2) шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы және негізгі қарыз бойынша төлемдермен ұсынылған. Сыйақы дегеніміз-ақшаның уақытша құны үшін төлем және белгілі бір уақыт кезеңінде өтеуге байланысты негізгі қарызға байланысты несиелік тәуекел.

Компания қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін жағдайларды қоспағанда, кіріс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша ескереді.

Кейінгі бағалау

Кейіннен қаржы активтері амортизацияланған немесе әділ құны бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы немесе қаржы активтерін басқару жөніндегі Компанияның бизнес-модельін негізге ала отырып, кіріс немесе шығын арқылы бағаланады. Бизнес-модельді компания басшылығы анықтайды.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталды;
- Компания активтен ақша ағындарын алуға өз құқықтарын берді не «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және елеулі кідіріссіз алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа төлеу жөнінде өзіне міндеттеме алды; және не (а) Компания активтен түсетін барлық тәуекелдер мен кірісті іс жүзінде берді; не (б) Компания алған ақша ағындарын үшінші тарапқа толық көлемде және елеулі кідіріссіз төлеуге міндеттенді. активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын сақтамайды, бірақ осы активті бақылауды тапсырды.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен кірісті сақтағанын және егер солай болса, қандай көлемде сақтағанын бағалайды. Егер Компания активтен түсетін барлық тәуекелдер мен кірісті тапсырмаса, бірақ өзінде сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды тапсырмаса, жаңа актив Компания берілген активке өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде танылады. Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де мойындайды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанын қабылдайтын жалғасып жатқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуі компаниядан талап етілуі мүмкін ең жоғары сома.

«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары-бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды тану

Компания амортизацияланған құны бойынша және әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін, егер кредиттік залал бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада басқа жиынтық кіріс арқылы таниды. Компания басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің баланстық құнын төмендетпейді, басқа жиынтық кіріс құрамында бағалау резервін таниды.

Қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайғанын айқындау кезінде Компания күтілетін кредиттік шығындар сомасының өзгеруіне емес, кредиттік құралдың қолданылу мерзімі ішінде дефолт туындау тәуекелінің өзгеруіне бағдарланады.

Егер қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының талаптары қайта қаралса немесе өзгертілсе және қаржы активін тану тоқтатылмаса, Компания қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өзгергенін салыстыру арқылы бағалайды:

- 1) есепті күнгі жағдай бойынша дефолт туындау тәуекелін бағалау (түрлендірілген шарттық талаптар негізінде);
- 2) бастапқы тану кезінде дефолт туындау тәуекелін бағалау (бастапқы өзгертілмеген шарттық талаптар негізінде).

Егер кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаса, Компания қаржылық актив бойынша шығындарға арналған бағалау резервін, мыналарды қоспағанда, күтілетін 12 айлық кредиттік залалдарға тең сомада таниды:

- 1) сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері;
- 2) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына жататын операциялар салдарынан туындайтын шарт бойынша сауда дебиторлық берешегін немесе активтерін; және
- 3) жалдау бойынша дебиторлық берешек.

1) - 3) - тармақтарда көрсетілген қаржы активтері бойынша Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар сомасында залалдарға арналған резервті бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада қаржы құралы бойынша залалдарға бағалау резервін бағаласа, бірақ ағымдағы есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жоқ екенін айқындаса, онда ағымдағы есепті күні Компания күтілетін 12 айлық кредиттік залалға тең сомада шығындарға бағалау резервін бағалауы тиіс.

Компания есепті күнгі жағдай бойынша күтілетін кредиттік шығындар сомасына дейін залалға бағалау резервін түзету үшін қажетті соманы құнсызданудан түскен кіріс немесе шығын ретінде таниды.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер бойынша Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар бастапқы тану кезінде есеп айырысу ақша ағындарына енгізілген күтілетін кредиттік шығындар шамасынан аз болса да, құнсызданудан болатын залалды қалпына келтіру ретінде бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындардың қолайлы өзгерістерін таниды.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Компания күтілетін кредиттік шығындарды қаржы құралы бойынша көрсететін тәсілмен бағалайды:

- 1) ықтимал нәтижелер диапозонын бағалау арқылы анықталған объективті және ықтималдықпен өлшенген сома;
- 2) ақшаның уақытша құны;
- 3) өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және есепті күнге қолжетімді болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген және расталатын ақпарат.



«Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдары-бастапқы тану және кейінгі бағалау (жалғасы)

Қаржылық активтер (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезінде қаралатын ең жоғары кезең – бұл Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған шарт бойынша ең жоғары кезең (ұзартуға арналған опциондарды ескере отырып).

Қарызды да, қарыздарды беру жөніндегі міндеттеменің пайдаланылмаған компонентін де қамтитын қаржы құралдары бойынша шартта көзделген компанияның қарызды өтеуді талап ету және қарыздарды беру жөніндегі міндеттеменің пайдаланылмаған компонентін жою мүмкіндігі компанияның хабарлама берудің шарттық мерзімімен кредиттік шығындар тәуекеліне ұшырауын шектемейді. Осындай қаржы құралдары бойынша Компания кредиттік тәуекелге ұшыраудың барлық кезеңі үшін кредиттік шығындарды бағалайды және күтілетін кредиттік шығындар компанияның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметінің нәтижесінде, тіпті мұндай кезең шарт бойынша ең жоғары кезеңнен асып кетсе де, төмендемейтін болады.

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюына байланысты бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына қол жеткізу үшін топтық негізде, мысалы, қаржы құралдарының тобы немесе кіші тобы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын көрсететін ақпаратты талдау арқылы кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау қажет болуы мүмкін. Бұл компанияның кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайында, тіпті жекелеген құрал деңгейінде кредиттік тәуекелдің осындай елеулі ұлғаюын растау әлі қол жеткізбей болса да, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатына қол жеткізуіне кепілдік береді.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржылық міндеттемелер тиісінше кіріс немесе шығын, кредиттер мен қарыз алу арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыз, кредит және кредиторлық берешек жағдайында мәміле бойынша олармен тікелей байланысты шығындар шегеріле отырып, әділ құн бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда кредиторлық берешек кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейіннен бағалау олардың мынадай түрде жіктелуіне байланысты болады:

Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Тануды тоқтату

